

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
«БҰҰ-ӘЙЕЛДЕР»
ҚҰРЫЛЫМЫ





«БҰҰ-ӘЙЕЛДЕР» ҚАЗАҚСТАН

1999 жылдан бері біз Қазақстанда үкіметпен, азаматтық қоғам дастықпен және басқа әріптестермен бүкіл ел бойынша әйелдер мен қыздардың тең құқықтары мен мүмкіндіктерін қамтамасыз ету үшін серіктестікте жұмыс істейміз.

БІЗДІҢ ҮШТІК МАНДАТ:

Нормативтік:



Гендерлік теңдік және әйелдер мен қыздардың құқықтарын кеңейту саласындағы нормалар мен стандарттарды нығайтуда Қазақстанға қолдау көрсету;

Үйлестірушілік:



Гендерлік теңдікке қол жеткізу және әйелдер мен қыздардың құқықтарын кеңейту мәселелері бойынша БҰҰ-ның бүкіл жүйесінде үйлестіруді және келісімді жүзеге асыру;

Бағдарламалық:



Заңнама, саясат пен стратегиядағы нормалар мен стандарттарды еңгізу бойынша жедел іс-шараларды жүргізу.

НЕГІЗГІ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КОНВЕНЦИЯЛАР:



- Адам құқықтарының жалпыға бірдей декларациясы (1992);
- Бала құқықтары туралы Конвенция (1994);
- Халық саны және даму жөніндегі халықаралық конференцияның Іс-қимыл бағдарламасы (1994);
- Пекин декларациясы және Іс-қимыл платформасы (1995);
- Әйелдерге қатысты кемсітушіліктің барлық нысандарын жою туралы БҰҰ конвенциясы (1998);
- Әйелдердің саяси құқықтары туралы Конвенция (1999);
- Еңбек және кәсіп саласындағы кемсітушілік туралы Конвенция (1999);
- Құндылығы бірдей еңбегі үшін ерлер мен әйелдерге бірдей сыйақы беру туралы Конвенция ӘКЖК (2001);
- Азаматтық және саяси құқықтар туралы халықаралық пакті (2006);
- Экономикалық, әлеуметтік және мәдени құқықтар туралы халықаралық пакті (2006);
- Мүгедектердің құқықтары туралы Конвенция (2015);
- БҰҰ-ның Тұрақты даму мақсаттары (2015);
- Гендерлік зорлық – зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі «Теңдік ұрпағы» форумының іс-қимыл коалициясы (2021);
- БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің әйелдердің жанжалдарды болдырмау мен реттеуге, бейбітшілік пен қауіпсіздікті қамтамасыз етуге тең құқылы және жан-жақты қатысуы жөніндегі 1325 қарары (2020) және одан кейінгі қарарлар;
- Экономикалық әділеттілік пен құқықтар жөніндегі «Теңдік ұрпағы» форумының іс-қимыл коалициясы (2021).

БІЗДІҢ ҰМТЫЛЫСЫМЫЗ



Біз үкімет және серіктестермен (азаматтық қоғам, жеке меншік сектор, ғылыми орта, медиа және т.б.) әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктері мен құқықтарын кеңейту саласындағы олардың әлеуетін күшейту және халықаралық міндеттемелерге сәйкес гендерлік теңдікке қол жеткізу бойынша жұмыс істейміз.

Біз әйелдер мен қыздардың зорлық-зомбылық пен кемсітушіліксіз қоғамда өмір сүргенін, барлық деңгейлерде шешім қабылдауға тең дәрежеде қатысып, Қазақстан халқының қауіпсіздігін, тұрақтылығын және өмір сүру деңгейін арттыру үшін экономикалық, экологиялық және әлеуметтік өзгерістерге қол жеткізуде белсенді ұстанымға ие болғанын қалаймыз.



Халық
санының
51%

Қазақстанда әйелдердің қызметі

қыркүйек 2022 ж. бойынша



53,4%
Ғылыми
саласы



21,7%
Төлемақы
алшақтығы



4%
Үкімет



27%
Мәжіліс



30%
Маслихаттар



1,5%
Қала және аудан
әкімдері



0%
Облыс әкімдері



40,4%
Орта және
кәсіптік-техникалық
білім жүйесі



51%
Судьялар
құрамы



32,3%
МЕУ және кәсіподақ
басшылығы



43%
ШОБ



14,6%
Полиция



18%
Сенат



10%
Әскери саласы



3%
Корпорация
басшылығында



20%
Шаруа қожалығы
басшылығында



ҚАЗАҚСТАН ЖАҒАНДЫҚ РЕЙТИНГТЕРДЕ



Адам дамуының
индексі 2020 (БҰҰДБ).
Мемлекетаралық
рейтинг.

**189 елден
51-ші**



Гендерлік даму
индексі 2020 –
0.98



Гендерлік
теңсіздік
индексі 2020 –
0.19



Дүниежүзілік экономи-
калық форумның 2022
жылғы Гендерлік
айырмашылықтың
жағандық индексі.
Мемлекетаралық
рейтингі.



146 елден 65-ші

ШЕШІМ ҚАБЫЛДАУҒА ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК






© БҰҰ-әйелдер, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, ҚР Қорғаныс министрлігі, Назарбаев Университет

ТЕҢ ҚАТЫСУ АРҚЫЛЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІК



© БҰҰ-әйелдер, Chevron, Оспан Али





ГЕНДЕРЛІК ТЕҢДІККЕ КҮШ БІРЛЕСУ



© БҰҰ-әйелдер/Олег Битнер, Қазақстандағы БҰҰ

ЭКОНОМИКАДАҒЫ ГЕНДЕРЛІК ТЕНДІК



© БҰҰ-әйелдер, Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия, «Бәйтерек» Ұлттық басқарушы холдингі



© БҰҰ-әйелдер/Олег Битнер





© Назарбаев Университеті



2016

2030 жылға дейінгі Отбасылық және гендерлік саясат тұжырымдамасы



2017

Тұрмыстық зорлық-зомбылықты қылмыстық сипаттан арылту



2019

Қазақстан Еуропа Кеңесінің әйелдерге қатысты зорлық-зомбылықтың және Тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу және оған қарсы күрес туралы Конвенциясына (Ыстамбұл конвенциясы) қосылуға ниет білдірді



2021

- Гендерлік зорлық-зомбылыққа қарсы күрес жөніндегі ҰТФ Іс-қимыл коалициясы, Экономикалық әділеттілік және құқықтар жөніндегі ҰТФ Іс-қимыл коалициясы
- БҰҰ Қауіпсіздік Кеңесінің «Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік» қарарларын орындау жөніндегі ұлттық іс-қимыл жоспары



2021

- «Теңдік үшін әрекет ет» Гендерлік теңдік және әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту саласындағы тәжірибелердің Ортаазиялық виртуалдық қауымдастығы
- Гендерлік бағдарланған бюджеттеу туралы заң жобасы



2022

- 2030 жылға дейінгі жаңартылған отбасы және гендерлік саясат тұжырымдамасы
- Орталық Азияда WEPs көшбасшысы



2022

- Партиялар тізімінде әйелдер, жастар және мүгедектігі бар адамдар үшін 30%-дық квота

БІЗДІҢ КОМАНДА СІЗБЕН ЖӘНЕ СІЗ ҮШІН ЖҰМЫС ІСТЕЙДІ



ЕШКІМДІ АРТТА ҚАЛДЫРМАЙ

© БҰҰ-әйелдер/Жұмағали Сейтенов

«БҰҰ-әйелдер» құрылымы келесі ұйымдармен бірге қызмет жасайды:

- Үкімет
- Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі Ұлттық комиссия және адам құқықтары жөніндегі уәкіл
- Жеке меншік секторы
- Академиялық топтар
- Халықаралық қоғамдастық
- Медиа
- Жастар.

БІЗДІҢ НЕГІЗГІ ЖОБАЛАРЫМЫЗ

- Мемлекеттік гендерлік саясатты іске асыру
- Гендерлік бағдарланған бюджеттеу
- ЕО-БҰҰ Орталық Азия мен Ауғанстанға арналған «Нұр сәулесі» бастамасының еңірлік бағдарламасы
- Ауған әйелдерінің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейтуді қолдау
- Ирак пен Сириядан Орталық Азияға оралған әйелдер мен қыздарға арналған оңалту және реинтеграция бағдарламалары
- Әйелдердің экономикалық құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту
- Әйелдер, бейбітшілік және қауіпсіздік

STEM KYZDAR



© БҮҮ-әйелдер/Батыр Тоқтарбаев

ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ
БҰҰ:
СТРАТЕГИЯЛЫҚ
КӨЗҚАРАС
●●●●●
2021-2025

© БҰҰ-әйелдер/ Нургазы Мамытбек уулу

- 2025 жылға қарай Қазақстандағы барлық адамдар, әсіресе осал топтардан, елдің орнықты дамуына тең дәрежеде үлес қосуға мүмкіндік беретін білім мен дағдыға ие болады.
- 2025 жылға қарай Қазақстандағы барлық адамдар шешімдер қабылдауға тең қатыса отырып, дискриминация, зорлық-зомбылық пен қатерден ада, адам құқықтары мен гендерлік теңдік толық сақталған ортада өмір сүре алады.
- 2025 жылға қарай мемлекеттік ұйымдар адам құқықтарына бағдарланған, нақты деректерге негізделген, гендерлік сезімтал мемлекеттік тәсілдерді тиімді әзірлеп, инклюзивті, ашық және есеп беретін түрде барлық деңгейдегі сапалы қызметтер көрсететін болады.

БІЗ ҰМТЫЛАМЫЗ:



- ТДМ-ды тиісті ұлттық және жергілікті стратегиялар мен саясаттарға бейімдеу және еңгізу.
- Ұлттық және жергілікті бюджеттеудің барлық үдерістеріне гендерлік аспектілерді еңгізу.
- Саясат пен экономикадағы әйелдердің мүмкіндіктерін кеңейту.
- Барлық салаларда шешімдер қабылдау деңгейінде әйелдердің өкілдігін ұлғайту және ең төменгі шегі 30%-дық гендерлік квотаны ілгерілету.
- Осал топтардағы және ауылдық жерлердегі әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.
- Әйелдер жұмыссыздығы және үй мен күтім бойынша ақы төленбейтін жұмыс мәселелерін шешу.
- Азаматтық қоғамдастықтың, жастар мен қоғамдық институттардың әлеуетін нығайту.
- Климаттың өзгеруіне қарсы күрес жөніндегі стратегиялар мен шаралардағы гендерлік теңсіздікті жою, дүлей зілзалалардың тәуекелдерін болдырмау және жеңілдету жөніндегі іс-шараларға гендерлік аспектілерді еңгізу.
- Гендерлік зорлық-зомбылықты жою, тұрмыстық зорлық-зомбылық туралы заңнаманы халықаралық стандарттарға сәйкес келтіру, тұрмыстық зорлық-зомбылықты криминализациялау.

БІЗ ҰМТЫЛАМЫЗ:



- Дезагрегацияланған деректерді жинау, мониторинг пен талдауын күшейту.
- Еңбек саласындағы зорлық-зомбылық пен алымсақтыққа қарсы әрекет.
- Зиянды патриархалдық нормалар мен гендерлік стереотиптерді жоюын қолдап, халықтың мәдени дәстүрлерін назарға ала отырып, прогрессивті әлеуметтік нормаларды ілгерілету.
- Әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін ілгерілетуге ерлер мен ұлдарды тарту.
- Әйелдердің құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту жөніндегі бастамалар шеңберінде жеке меншік секторды жұмылдыру. WWW.WEPS.ORG.
- Ауылдық жерлерге ерекше назар аудара отырып, жастардың әлеуетін нығайту және оларды гендерлік теңдіктің күн тәртібін ілгерілетуге тарту, және бүкіл ел бойынша әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту.
- Оқу орындары арқылы жастарды көбірек қамту.
- Білім беру жүйесі арқылы гендерлік теңдік саласындағы білімді жақсарту.
- Гендерлік теңдік саласында халықтың хабардарлығын арттыру үшін сарапшылар мен медиа өкілдерін, қоғамдық пікір көшбасшыларын, атақты адамдарды, қоғамдық белсенділерді, блогерлер мен инфлюенсерлерді тарту.

СІЗ ЖАҒДАЙДЫ ҚАЛАЙ ӨЗГЕРТЕ АЛАСЫЗ?



- **Саясаткер** - Гендерлік теңдік қағидаттарын халықаралық стандарттарға сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, стратегияларға, заңдар мен нормаларға еңгізіңіз.
- **Бизнес** - WWW.WEPS.ORG қосылу арқылы әйелдер мен қыздардың мүмкіндіктерін кеңейтуге өз үлесіңізді қосыңыз.
- **Азаматтық белсенді** - Осал топтардың мүдделерін қорғаңыз және оң өзгерістерге ұмтылыңыз.
- **Даму жөніндегі серіктес** - Әйелдер мен қыздардың құқықтары мен мүмкіндіктерін кеңейту және гендерлік теңдікті қамтамасыз ету бойынша белсенді бірлескен қызметті қолдаңыз, қаржыландырдыңыз және жүргізіңіз.
- **Халықаралық қауымдастық** - Әлемдегі ең жақсы тәжірибелерін бөлісіңіз, енгізіңіз және қолдаңыз.
- **Зерттеуші** - Білімді тарату және гендерлік саясат саласындағы ғылыми дәлелденген шешімдерге негізін жасаңыз.
- **Медиа** - Мемлекеттік институттардың есеп беруіне ықпал етіңіз, сәтті рөлдік модельдерді қолдап, ақпараттық күн тәртібінің маңызды бөлігі ретінде гендерлік теңдік тақырыбын насихаттаңыз.
- **Азамат** - гендерлік теңдікті жақтап, гендерлік дискриминацияға және зорлық-зомбылықтың барлық түрлеріне нөлдік төзімділік танытыңыз.

ЕРЛІК ЗОРЛЫҚ-ЗОМБЫЛЫҚҚА ҚАРСЫ БЕЛСЕНДІ ІС-ӘРЕКЕТТЕР 16 КҮН
16 ДНЕЙ АКТИВНЫХ ДЕЙСТВИЙ ПРОТИВ НАСИЛСТВЕННОГО ПОЛОВОГО НАСИЛИЯ
16 DAYS OF ACTIVISM AGAINST GENDER-BASED VIOLENCE





БІЗДІҢ БАЙЛАНЫСТАР:



- ☎ Тел.: + 7 7172 696535
- ✉ Электрондық пошта: mcokaz@unwomen.org,
- ✉ kaz.communications@unwomen.org

- 📘 www.facebook.com/unwomenkazakhstan/
- 📷 [@UNWomenKazakhstan](https://www.instagram.com/UNWomenKazakhstan)
- 🌐 www.eca.unwomen.org

© Нургазы Мамытбек уулу, Олег Битнер, Назарбаев Университет, Chevron, Жұмағали Сейтенов, БҰҰ-Әйелдер, Қазақстан Республикасы Президентінің жанындағы Әйелдер істері және отбасылық-демографиялық саясат жөніндегі ұлттық комиссия.